

"Алатау" қонақ үйін қайта жаңартудың инвестициялық жобасын қаржыландыру көлемін ұлғайту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 2 сәуірдегі N 462

"Алатау" қонақ үйін қайта жаңартуды аяқтау және Түрік Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастық шеңберінде бұрын берілген несие бойынша берешекті өтеуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Медеу-Эмсаш-Алатау" бірлескен кәсіпорнының "Emsas Insaat, Tourism, Ticaret ve San.A.S." фирмасымен "Алатау" қонақ үйі кешенін басқаруға беруге жасасқан келісім-шарт мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:

"Медеу-Эмсаш-Алатау" бірлескен кәсіпорны ұсынған жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне, келісім-шарт пен несие беруге байланысты басқа да құжаттарға, сондай-ақ сұралып отырған несиенің қосымша көлеміне кепілдемелер мен кепілдікті қамтамасыз етуге банктік сараптама жүргізісін;

"Медеу-Эмсаш-Алатау" бірлескен кәсіпорнымен белгіленген тәртіппен қосымша несие келісімін жасасын;

"Медеу-Эмсаш-Алатау" бірлескен кәсіпорнының аванстық төлемді, берілген несие сомасын және ол бойынша проценттерді төлеуін, сондай-ақ бірлескен кәсіпорын жұмсаған банк шығыстарын өз қаражаты есебінен бақылау жасасын;

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулының

орындалуына бақылау жасасын.

4. "Түркия Республикасының Үкіметі беретін кредит есебінен қаржыландырылатын жобалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 2 тамыздағы N 866 қаулысына 1-қосымшаға мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Жастартурспортмині "Алатау" қонақ 2 "Эмсаш" фирмасы"
үйінің кіші
қанатын қайта
жаңарту

деген жолдағы "2" деген сан "4,45" деген санмен ауыстырылсын.

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК